

«Денсаулық Fest» спорттық шарасы

Мамыр айының 28 күні «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында пионерболдан жарыс өткізілді. Оған 5-6 сынып оқушылары белсene катысты.



«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы

№2 қарауылкелді орта мектебінің тәрбие жоспарына сәйкес «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында қыркүйек айының 15 күні «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!», «Жолда журу ережелерін білесің бе?» атты 1-4 сынып және 5-9сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды.

Мәссағаты: Оқушылардың көшеде жүру ережелерін менгеру дағдысын қалыптастыру және іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін сақтауга, оқушыларға сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін сақтауга, оқушыларға жол белгілерін неше түріт бар, оны білу не үшін кажет, бағдаршамнын, жол белгілерінің атқаратын қызметі кандай екенін үйрету.

Іс-шараға Байганин аудандық ПБ-нің жасөспірімдер инспекторы Ұ.Н.Ізтұрғановтың катысуымен өтілді және 1-4 сынып оқушыларына «Жол жүрісі қауіпсіздігі» туралы бейнефильм көрсетілді.



Қазан айының 18 күні отбасы қүніне орай үйымдастырылған «Өнегелі, өнерлі отбасы» атты отбасылық шара өтілді.

Шараға шақырылған ата-аналар:

- 1.2а сынып оқушысы Рақымжанқызы Мадинаның анасы-Бисенова Жұмабике;
- 2.2а сынып оқушысы Таюов Абузардың анасы-Қылышева Нұржанат;
- 3.1а сынып оқушысы Базарбаева Айзере мен 2а сынып оқушысы Базарбаева Раянаның анасы-Төремұратқызы Айжұлдыз;
- 4.5а сынып оқушысы Өтесбаева Кәусардың анасы-Тлеуова Бактыгүл;
- 5.6а сынып оқушысы Бегайдаров Нұрсұлтанның анасы-Бегайдарова Нұрбібі.

Мақсаты: Ұлттық мемлекеттің сүйеттің ұрпақ тәрбиелейтін өнегелі отбасы үлгілерін дәріптеу.



Қазан айының 27 күні казак тілі пәні мен казақ әдебиеті мұғалімдерінің үйымдастыруымен 6-9 сыныптар арасында «Өнегелі өмір» эссе байқауы үйымдастырылып, балалардың үздік жұмыстары бағаланды.

Мақсаты: Білімалушылардың сөйлеу, есте сактау, ойлау қабілетін дамыту, ой-өрісін кенейту. Окушылардың ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық леуетін көтермелеге, тілдік қорларын кенейтүге ықпал ету.



08-20 қараша күні аралағында 8-9 сыныптар арасында «Катыгездік пен зорлық - зомбылықсыз балалық шақ» атты аудандық аурухананың Жасөспірімдер дәрігері Ж.С.Кереева, СӘСҚ маманы Г.К.Есқазинаның және мектебіміздің жоғары сынып жетекшінің катысуымен жиналыс өткізілді.

Максаты: Балаларды қатыгездік пен немкүрайлылықпен қарау проблемасына қогамның назарын аудару және қогамада балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру.

Ақпараттық науқан кезінде сынып сағаттары, ата-аналар жиналышы, пікірсайыстар мен кездесулер өткізіледі. Ақпараттық науқан жоспары жасалып, окушылар мен мектеп ұжымы таныстырылды.



«Тарих пен тіл тамырлас» атты сыныптан тыс іс-шара 6-10сынып окушылары арасында тарих пән мұғалімдері Г.Сангалиева, Г.Жанабергенова, Ә.Жакупова үйымдастырыды.

Максаты: окушыларды елжандылыққа, отанын сүюге, ізденімпаздыққа, белсенділікке дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту және есте сақтау қабілетін арттыру, ізглекке, имандылыққа, әр түрлі жағдайда сынни тұрғыдан ойлау білуге баулу.

Окушыларымызды ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу, тіл-біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.



Қараша айының 14-күні «Құқықбұзушылық және жасөспірім» дөңгелек үстел және -«Құқық бұзушылықтың алдын алу» 7-11сыныптар арасында танымдық

сабактар өтілді. Сабак барысында окушылардан сауалнамалар алынды. «Құқықбұзушылықтың алдын алу –bastы міндег» тақырыбында мектебіміздің ер балалары арасында жиналыш өткізілді.

Максаты: окушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылық және қылмыс белгілерімен, жасөспірімдердің құқықтық міндегтерімен таныстыру. Ер балалар арасында зянды әдеттердің алдын алу, өскелен жас үрпактың бойында патриоттық сезім орната отырып, бүгін мен болашакка деген жауапкершілікті қалыптастыру.



Құқықбұзушылықтың алдын алу-bastы міндег
үлдар жиналышы



17 караша күні жол полициясы қызметкерлерімен кездесу және бастауыш сынып окушылары арасында сурет байқауы өткізілді.

Байганин ауданы полиция бөлімінің бастығы м.а. М.А.Ахмет марапат қағаздарымен құттықтады.

Мақсаты окушыларға жол ережелерін еске салу, жол киылыстарындағы ережелерді сактау, темір жолды өту ережелерін ұғындыру. Бұл кездесуге мектебіміздің 1-11сынып окушыларымен жетекшілері катысты.

Байқау женімпаздары:

Бас жүлде-2а сынып окушылары және жетекшісі Ә.Өнешбаева;
1 орын- 1а сынып окушылары және сынып жетекшісі Н.Қонкаева;
2орын – За сынып окушылары және сынып жетекшісі Р.Батыrbай;
3 орын- 2ә сынып окушылары және сынып жетекшісі З.Кесікова;
3 орын- 4а сынып окушылары және сынып жетекшісі С.Ергалиева



19 наурыз күні жолда жүру ережесіне байланысты бейнефильм 1-4 класс окушыларына бейнефильм көрсетілді.



Жол жүрісі қауіпсіздігі апталығы




20 караша күні 5-7сынып оқушыларымен адамзат өміріне қауіп төндіріп отырган есірткінің, темекінің зиянын және улы екенін түсіндіре отырып саналыққа, салауатты өмірді таңдауга тазалыққа, лас істерден аулақ болуга жан сұлулығымен қатар тән сұлулығын сактауга тәрбиелу. Есірткі жайлы кеңінен мағлұмат бере отырып, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, тазалыққа, денсаулыққа, баулу мақатында “Ертеңінді ойласаң, есірткіге жолама” атты мектеп медбикесі Г.Жангелдинамен кездесу өткізілді



12 желтоқсан күні 8-11 сыныптар арасында мектебіміздің психологи Ж.Мажикова және құқық пәнін мұғалімі Ә.Жакупова сауаланамалар алдынап дәрістер оқылды.

Максаты: балалар мен жасөспірімдердің өз құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы сауаттылық деңгейін мониторингілеу, окушыларға анонимді сауалнама бланктері таратылып, сұрақтарды мұқият оқып, дұрыс жауаптарды белгілеуді және өз жауабын жаза алатындығы ұсынылды.





01.01.2024жылы мектебімізде «JAS SARBAZ» әскери – патриоттық клубының жетекшісі Ж.Әріп және мектебіміздің тәлімгері Н.Б.Темірбаева козғалысының ашық есік күнін ұйымдастырылды.

Максаты:Оқушылардың өз Отанының адаптациялық технологиялар арқылы білім саласының осуіне ықпал ету.






Ақпан айы 14 күні «Тұған өлке ақындарының шығармалары» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.



Сәуір айының 15 күні «Қоқысты қайта өндөу процесі» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс өткізілді.



Мамыр айының 8 күні «Ешкімде, ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



«Ғаламтор қауіпсіздігі жобасы»

Кім жылдам? Интеллектуалдық сайыс

5-6 сыныптар арасында мектеп тәлімгері Н.Б. Темірбаева үйымдастырды. Мақсаты: окушыларға оку танымдық тәрбие беру. Шапшаң ойындар ойнату арқылы олардың қызығушылығын ояту, жылдамдықтарын арттыру. Ойларын жүйелі, еркін, шапшаң жеткізе білуге дағдыландыру. Топтық жұмыс істеуге, достық қарым-қатынасқа, сыйластыққа тәрбиелеу.





“Қалдықтарды табысқа айналдырайык” такырыбында қолөнер бүйымдарын оқушыларымызга мектебіміздің көркем еңбек пәнінің мұғалімі Н.Жуканова және мектебіміздің тәлімгері Н.Темірбаева ұйымдастырыды. Максаты: Еңбек тәрбиесі арқылы баланың әдет-дағдысы және ынталығы, байқампаздығы, айнала коршаган өмірге қызығушылығын дамыту. Адамгершілік қасиеттерімен бірге іскерлік, еңбекке мәдениеттілік қасиеттерін қалыптастыру. Бұл бала үшін күрделі техника, бірақ нәтижесінде еңбектің актальғанын көрудің өзі балалар үшін ерекше әсер етті. Өз қолдарымен жасаған туындыларына тамсанып, қуаныштарын жасырмады.



«Алғыс айту – парызың» шыгарма байқауы

Алғыс айту күні-халқымыздың егемендігі мен елдігін, сыйластығы мен тендігін көрсететінеліміздің барлық азаматтарының бір-біріне деген құрмет білдіретін күні.

Бұл күні біз барша жақындарымызға, ұстаздарымызға, бен достарымызға, алыс-жақын жанашырларымызға алғыс айтып құрметке бөленеміз. Осы мерекеге орай

«Алғыс айту – парызың» шыгарма байқауы мектебімізде ұйымдастырылды.

Шыгарма сонында қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімдері мекпішлік дипломдармен оқушыларымызды марапаттады.



«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ


№2 Қарауылкелді орта мектебінің тәрбие жоспарына сәйкес «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫНЫң ИСШАРАЛАР КОНЦЕПЦИЯСЫ бойынша іс-шаралар жоспары негізінде

1-ТОҚСАН АҚЫНДАР АЙТЫСЫ бағыты бойынша «Айтыс қазақ халқының ежелден келе жатқан музикалық-поэтикалық жанры» тақырыбында ұлттық құндылығымыз айтыс өнерін кеңінен насиҳаттау мақсатында сынып сафаты өткізілді. Өткізген қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.А.Бәсен. Сонымен катар, “Ақын - елдің ардағы” атты кездесу кеші өткізілді. Кеш қонағы суырып салма айтыскер ақын, үстаз Шаңдин Ерболат Амандықұлы. Сыр - сұхбатқа мектебіміздің 8-9 сынып окушылары катысып, айтыс өнерінің қыр - сырымен жете танысты. Арнайы сұхбатқа катысқан Ерболат Амандықұлы қонақ кәдесін ұсынды. Ұйымдастыруыш: қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі С.А. Жалдыбекова



№2 Қарауылкелді орта мектебінің тәрбие жоспарына сәйкес «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҮЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ИС-ШАРАЛАР КОНЦЕПЦИЯСЫ бойынша іс-шаралар жоспары негізінде

2-ТОҚСАН “АЛТЫН САҚА” ОЛИМПИАДАСЫ бағыты бойынша “Асық ойыны - үлкен халықтық тәрбие. Біздің ұлттымыздың дәстүрлері мен мәдениеттің бастау” Б.Момышұлы. Қазақ халқының тарихи - мәдени мұрасын күрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту мақсатында өткізілді. Өткізген дене шынықтыру мүгалімдері, мектеп тәлімгері.



№2 Қарауылкелді орта мектебінің тәрбие жоспарына сәйкес «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» ҮЛТТЫҚ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫНЫҢ ИС-ШАРАЛАР КОНЦЕПЦИЯСЫ бойынша іс-шаралар жоспары негізінде

3-ТОҚСАН “ҮЛТТЫҚ ӨНЕР” ҚӨРМЕСІ бағыты бойынша балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру,

отансүйгіштікке және тұган өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.



ТӨРТІНШІ ТОҚСАН «ТҰҒАН ӨЛКЕМ» ФЕСТИВАЛІ #ТОҚСАН#ТҰҒАНӨЛКЕМ#

«Zhasyl El» – қалалық орта экологиясы, әлеуметтік экология, адам экологиясы – ауаның ластануы, көлік, көгалдандыру және т. б. мәселелерді шешу жолдарына үлес косу мақсатында окушылар «Таза Қазақстан» жобасы аясында тал көшеттерін отырғызды.



Пікірсайыс өткізілді.

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы

№2 Қарауылкелді орта мектебінде «Ұшқыр ой» алаңы жобасын жүзеге асыру мақсатында «Шаңырақ» дебат клубының жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары күрылды.

Кыркүйек айының 29 күні «Жаңа Қазақстанда ақындар айтисының дамуы» тақырыбында 7-9 сынып оқушылары арасында мектепшілік пікірталас өткізілді.
<https://www.instagram.com/p/CxyW5vloHfU/?igsh=MTRuaWV4YTEzODBuYQ==>

Қазан айының 25 күні 7 «а» сынып оқушылары арасында «Республика күніне» орай пікірсайыс өткізілді. Қаралған қараплар:

1. Еліміздің тәуелсіздігі мәңгілік
2. Мен елімнің патриотымын
3. Еріктілер тобының қоғамға пайдасы зор.

<https://www.instagram.com/reel/Cyz9fCOA5PO/?igsh=MXdwc2RoaWt0a3Z0OQ==>

Қараша айының 16 күні «Шаңырақ» дебат клубының кезекті пікірсайыс турнирі өткізілді.

Қаралған қараплар:

1. «Тәрбиенің бастауы тазалық»
2. «Бос уақытымыз зая кетіп жатыр»

3. Қазіргі таңда әлімжеттік белең алған заман


https://www.instagram.com/reel/Czt5_JI9nG/?igsh=MThyYTI3YTFiNm44cg==

Ақпан айының 15 күні құқықбүзушылықтың алдын алу мақсатында «Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы» тақырыбында пікірсайыс өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/C3YA4TkoCtu/?igsh=MTF6M201bTh1cmo4bQ==>

«Оқуга қүштар мектеп» жобасы

Респубикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мектеп оқушыларының қыскы демалыс кезінде жасөспірімдердің бос уақытын тиімді үйымдастыру мақсатында «Каникулда кітап оқимыз» акциясы аясында мектебіміздің жанынан құрылған «KitapTime» клубына қатысуыш оқырмандар Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повестін талқылад, үздік оқып бітірген оқушылар сыйлықтарға ие болды.



№2 Қарауылкелді орта мектебінде «Қыста кітап оқимыз» акциясы аясында балалардың қыскы демалысын тиімді пайдалану мақсатында 10 сынып

окушылары мектеп кітапханасына келіп, кітаптар оқып демалысты тиімді откізуде.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022 жылдың 31 желтоқсанынан 2023 жылдың 8 қаңтар аралығында ұйымдастырылып жатырған «Қыста кітап оқимыз» акциясы бойынша 10 сыйып оқушысы Бергенова Гаухар Оралхан Бекейдің «Қар қызы» повестінің қысқаша мазмұнымен таныстыруды. Оқушылар мектеп кітапханасынан ұсынылған кітаптар тізімі бойынша кітаптар оқып алыш, өз ойларымен бөлісті. Қыскы демалыстарын босқа өткізбей кітап оқумен айналысып, басқа оқушыларға да окуға кеңес берді.

№2 Қарауылкелді орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған тақырыптық көрме өтті. Көрмеге М.Әуезовтың «Қорғансыздың күні», «Қараш-қараш оқиғасы», «Өскен өркен», «М.Әуезов энциклопедиясы» сияқты шығармалар жинағы қойылды. Оқушылар М.Әуезовтың еңбектерімен, ұлы адамдардың естеліктерімен танысты.


Максаты: М.Әуезовтың өмір жолы мен шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу.



14 ақпан күні №2 Қарауылкелді орта мектебінде қазақтың ұлы ақыны Абай Күнанбаевтың шығармашылығын оқушылар арасында кеңінен насиҳаттау мақсатында «Абай – дара, Абай – дана қазакта!» тақырыбында байқау үйімдастырылды. Байқауға 5-11 сынып оқушылары қатыстырылды. Оқушылар Абайдың бірнеше өлеңдерін жатқа оқып, сынга түсті. Байқау нәтижесі бойынша оқушылар жүлделі орындармен, алғыс хаттармен марапатталды.

Мақсаты: Абайдың ұлы кеменгер ақын екенін түсіндіру. Оның өлеңдері, қара сөздері арқылы оқушыларды адамгершілікке, жаман қылыштан бойларын таза ұстауга тәрбиелеу.

3 Наурыз – Халықаралық жазушылар күні! Бұл мереке аты әлемге әйгілі ПЕН-клубтың 48 конгресінің шешімімен аталып келеді. Осыған орай мектеп кітапханасында әлем жазушыларының тандаулы шығармаларына бук слэм үйімдастырылды. Оқушылар әлем жазушыларының тандаулы туындыларына қысқаша сипаттама берді.



Жазушылардың шығармалары адам өміріне, рухани дүние корына және ұлттың қалыптасу жолына үлкен үлесін қосып келеді.

Мақсаты: Окушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, жазушыларымыздың өмірі мен шығармашылығын таныстыру.

№2 Қарауылкелді орта мектебінің 1-4 сыныптар арасында окушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Әлем әдебиетін бірге оқимыз» тақырыбы бойынша оқушылар кітап оқып, түсінігімен бөлісті.

Мақсаты: Окушылардың кітапка деген қызығушылығын арттыру, демалыс уақыттарын тиімді пайдалану, шетел жазушыларының шығармаларымен таныстыру.



Әлем әдебиетін бірге ОКИМЫЗ




«Окуға құштар мектеп» жобасы аясында балалар мен жасөспірімдер кітабының алтасы аясында 9 сыйып оқушыларымен «Қазақстанның ғажайып табиғаты» атты виртуалды кітап көрмесі өтті.

ітап-асыл қазына



№2 Қарауылкелді орта мектебінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «А.У. Имановтың тұганына 150 жыл» 10-11 сынып оқушылары арасында «Біз батыр үрпағымыз» атты эссе өткізілді.

Максаты: А.Иманов сиякты қолбасшылар туралы эссе жаза отырып, ұлт намысын қорғаған батырлардың өмірлерін оқып үйрену, оқушылардың сөздік корын молайту.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5 сынып оқушыларының катысуымен «18 сәуір – Ескерткіштер мен тарихи орындардың халықаралық күніне» байланысты «Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштер» атты виртуалды көрме өтті. Көрмеде оқушыларға Мемлекеттік маңызы бар ескерткіштердің саны айтылып, талдау жүргізілді.

Максаты: оқушыларға тарихи ескерткіштер жайында толық мағлұмат беру, ескерткіштердің түр-түрімен таныстыру, болашаққа аманат екенін түсіндіру.



«Окуга құштар мектеп» жобасы аясында «23 сәуір – Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне» 6 сынып оқушыларына «Кітап– асыл қазына» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар кітап, білім туралы мақаламәттердің жалгасын табуға ат салысын, ұлы ойшылдардың кітап туралы қанатты сөздерімен оқып танысты.

Мақсаты: Кітап – сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлыштыру.



№2 Қарауылкелді орта мектебі «Окуга құштар мектеп» жобасы аясында 4 сынып оқушыларының қатысуымен «Ер жігіт – ел қорғаны» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде оқушылар «Жау тылында», «Рухы қүштілер», «Сарбаз» сынды кітаптармен толыкты.

Мақсаты: оқушыларға ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу болып табылады.



№2 Қарауылкелді орта мектебінде 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне арналған іс-шаралар жоспары негізінде «Менің отбасым – оқырман» оку

марафоны үйымдастырылды. Марафонга мектебіміздің ба сынып оқушысы Сәндібаева Дарига өзінің отбасымен бірге ат салысты. Оқушы «Бәрін, білгім келеді», «Хари мен Кәри» сынды кітаптар оқыған.

Мақсаты: Отбасылық оку дәстүрінің өркендеуіне себеп болу, кітап күмарлыққа баулу.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Саттар Асқарұлы Ерубаевтың туғанына 110 жыл толуына орай «Жарық жүлдyz» тақырыбында 7а класс оқушыларына әдеби кеш өткізілді. Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығымен танысты.



«Білім кілті - кітапхана». Кітап дегеніміз –алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсietі. «Кітап оқудан тыылсан өй ойлаудан да тыылар